



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№36 - 37 (10 240)

6 қыркүйек

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз. Қазір жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр. Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы өртартапандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни, былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр. Біз осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап (яғни, орта класс) күшейе түсуі керек. Сонда ғана

(Басы. Жалғасы 2-3-4 беттерде).

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкелі соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың Жарлығы

2024 жылғы 02 қыркүйек

2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін.
- Республикалық референдумға: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауал шығарылсын.
- Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ, референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 2 қыркүйек

№636

АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БАСПАСӨЗ - 2024

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ**

салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн. Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр. Салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктегі есеп-шоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн. Жоспар сай тексеру тәсілінен біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет. Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесі дамытуға нақты септігі тиетін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті өркендетеміз деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни, құрылыс салуға, активтерді сатып алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек. Үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырамын. Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа Салық кодексінің сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын. Келеңкелі экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ұшықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты барлық жұмысты тез арада аяқтау қажет. Сондай-ақ сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістің басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек.

ЕКІНШІ. Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды.

Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жаңындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты. Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір өкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын. Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы теңдік шарттарын бұзады, жеке бастамаларға тосқауыл болады. Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге холдингтер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жауапты болуға тиіс. Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрі кезінде кәсіпкерлерге кедергі келтірген еді. Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дөліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды. Алайда, кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюы керек. Былтыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде

бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына на қаржы салу қажет болады. Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жаратуы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет. Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жомарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкерлерге қатысты әңгіме басқаша болады.

2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Қазір бұл көрсеткіш – 7 пайыз шамасында. Жыл басында мен орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Яғни, жан-жақты шаралар қолға алынуы керек еді. Алайда іс жүзінде әлі дайын емес. Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар. Бұдан білікті маманның өзі шатасуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларының қаншалықты тиімді екенін мұқият тексеріп шығу керек. Ұсынылатын жеңілдіктердің бизнес өкілдеріне түсінікті бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін финтех тәсілдерін пайдалануға болады, бұл мәселе бойынша тиісті ұсыныстар бар. Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан, диқандарымыз егін егу жұмысын дер кезінде аяқтады. Оларға зор ризашылығымды білдіремін. Биыл егін науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктің қаражатын да тарту қажет. Диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктарге қатысты осындай тәжірибені қолдану керек. Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуда тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат болуы, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шыннай ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр. Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек. Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі. Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия өкілдердің ауыл шаруашылығы алқаларын конкурс өткізбей-ақ беру туралы екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселе қатысты екіұшты ұстаным болмауы қажет. Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейткіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн.

Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуға тиіс. Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары заңды түрде табысты жұмыс істеп, болашағының қамын

өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Былтыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни, «тауар несиеcіні» беру мәселесін қарастыру қажет. Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды. Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Аманат» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы, Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек. Жалпы отандық бизнеске және шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал, олардың яғни, бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқық бұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

ҮШІНШІ. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды. Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qarmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс. Саран қаласының экономикасын ертартапандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елді мекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет. Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек. Биыл арнайы Жарлықпен Алатау қаласы құрылғанын білесіздер. Бұл қала қарқынды дамытып, инновация кешені қолданылатын әрі білікті мамандар жұмыс істейтін орына айналуы қажет. Үкімет онда жайлы өмір сүріп, табысты еңбек етуге, инвестиция салуға қолайлы жағдай жасауға тиіс. Автокөлік құрастыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-жақты қолдауы түптің түбінде толыққанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналуы қажет.

Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту – маңызды міндет. Біз полипропилен және полиэтилен шығаратын ірі өндірістік жобаларды жүзеге асыра бастадық. Бутадиең, карбамид, терефтал қышқылдың өндіру арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр. «Орта Азия – Орталық» магистральді газ құбырының елімізге тиесілі 800 шақырымнан астам бөлігін жаңғырту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Газ тасымалдау бағдарларын ертартапандыру және оның қуатын арттыру қажет. Тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Былтыр бірқатар газ кеніші игеріле бастады. Сондай-ақ, жылына жалпы көлемі бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарланып отыр. Әзірге бұл жобалар толық іске қосылған жоқ. Сондықтан газды ішкі нарыққа тиімді бөлу қажет. Жылу электр орталықтарын және қарапайым тұтынушыларды көмір орнына газ жағуға көшіру жұмысын байыппен жүзеге асырған жөн. Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырамын. Бұл – басты міндет. Осы саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек. Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес.

ТӨРТІНШІ. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет.

Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуі тиіс. Қазір энергия өндіретін жаңа нысандар салу үшін берілетін несие шарттарын қолайлы деп айта алмаймыз. Сондықтан Үкімет қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімге арналған қолжетімді несие беру жолдарын ойластыруға тиіс. Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға «ұзақ мерзімге инвестиция тартудың» негізгі шарты. Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ**

мен майнингті заңмен реттеп, криптобиржаларды одан әрі дамыту ісін жалғастырған жөн. Елімізде экономикаға қажетті электр қуатын өз керегіне шамадан тыс пайдаланатын, сөйте тұра салықты аз төлейтін кәсіпкерлер бар. Міне, осындайларды жөнге салу керек. 2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз. Жалпы, телекоммуникация желілері мен дата-орталықтарын барынша жетілдіруге, кибер-қауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандарымыздың біліктілігін арттыруға қатысты жұмысты жалғастыру керек.

Әуе хабтарын дамыту – өте маңызды міндет. Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек. Ішкі әуе бағдарларын дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл, әсіресе, негізгі туризм нысандарының инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды. Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылды. Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары құрметті инфрақұрылымы бар өте бекеттері мен әуежайлар салу керек. Өнеркәсіпті дамыту қорының есебінен кіші авиация ұшақтарын алған жөн. Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді.

Келесі. Ирригация жүйелері және жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу қажет. Көктемдегі алапат тасқын бүкіл еліміз үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын күндерде біз ынтымағы жарасқан ел екенімізді көрсеттік. Қазақстанның әр аймағынан жиналған еріктілер мен жанашыр азаматтар зардап шеккен жұртқа көмек қолын созды. Менің елдік істен шет қалмау туралы үндеуіме ірі бизнес өкілдері де қолдау білдірді. Мемлекеттің батыл әрекеті мен халықтың өзара тілектес болуының арқасында аса қиын жағдайдан аман-есен өттік. Дегенмен орталық және жергілікті билік өкілдері осы оқиғадан сабақ алуы керек. Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз қажет. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтай білген жөн. Гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту қажет. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл – ең алдымен, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни, су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет. Су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс қолдана алсақ, бұл салаға да инвестиция тартуға болады. Сондықтан тариф саясатын реттеп, инвесторларға тиімді қолдау шараларын ұсыну қажет. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Нақты жұмысқа кірісу керек.

БЕСІНШІ. Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды.

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет. Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды. Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады. Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бөріне шашыратып, оңды-солды тарата беруге болмайды. Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын өншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек. Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде

жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дөріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дөрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек.

Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел болмағыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылады. Еңбегінің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді, еңбек адамның абырой-беделін көтереді. Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру ісінде орта білім беру жүйесі өте маңызды рөл атқарады. Менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. 2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Депутаттар да ортақ істен шет қалмайды деп ойлаймын. Үкімет жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесін енгізуді ойластыруы керек. Сонымен бірге, еліміздегі 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу қажет. Үкімет әкімдермен бірге оны қаржыландыру көздерін анықтап, соның ішінде демеушілерден де қаражат тартып, 3 жыл ішінде бұл мектептерді толық жаңартуы керек. Мемлекет кепілді төлемдер үшін қыруар қаражат бөледі. Оның ішінде жекеменшік мектептерге берілетін қаржы да бар. Мысалы, 250 мыңнан астам бала оқитын жекеменшік мектептерге быылдың өзінде бюджеттен 134 миллиард теңге бөлінді. Ата-аналар мемлекеттің жеке меншік мектептерге нақты көмек беріп жатқанын білуге тиіс. Осыған орай әр балаға норматив бойынша бөлінген қаражат көрсетіліп тұруы қажет. Сонда азаматтарымыз әлеуметтік бағдарламаларға бөлініп жатқан қаржы туралы шынайы ақпараттан хабардар болады.

Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет. Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша, біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдаудың ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін арт-

тырамыз.

АЛТЫНШЫ. Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар әкеліп, жеке меншік медицинаға зор пайдасын тигізді. Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ, оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс. Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек. Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысы жөнінде маған және депутаттық корпусқа есеп беріп отыруға тиіс.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласын дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері арқылы ресурстарды белсенді тарту қажет. Өкінішке қарай, шетелдердің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты озық тәжірибелері заңнамалық деңгейде толық көрініс тапқан жоқ. Мұның бәрі жобалардың тиімсіз болуына, бюджетке түсетін салмақтың тым артуына әкеп соқтырады. Бұл тәсілдерді қайта қарап, инвестиция тарту үшін ақылға қонымды тарифтер ұсыну қажет. Үкімет денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты жаңа нормативтер мен ережелер әзірлеуі керек. Білікті медицина мамандарының тапшылығы – әлі де өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет. Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым. Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын.

Келесі мәселе. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып жатыр. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалды. Балалы отбасыларды қолдау үшін саби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға биылдан бастап арнайы төлемдер беріліп жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. 7 миллион баланың есепшотына Ұлттық қордың табысынан жалпы сомасы 300 миллиардтан астам теңге аударылды. Дегенмен қазір мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген кезде азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын мойындау қажет. Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдауға мүлде мұқтаж емес аukatты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты қолдау тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сондықтан Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырамын. Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс.

ЖЕТІНШІ мәселе. Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі.

Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дөріптеуіміз керек. Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек. Үкімет пен «Атамекен» палатасы осы бағытта нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУЛАР

"АМАНАТ" партиясы
Жолдауды қолдайды

емес екенін тілге тиек етіп, енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни, «тауар несие» беру мәселесін қарастыру қажет екенін жеткізді. Сондықтан, ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды. Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет, — деп осындай жоба «Аманат» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы, Меркі ауданында жүзеге асырылғанын айтты. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек, — деп нақты тапсырмалар берді.

«Аманат» партиясы Ақсу аудандық филиалы да мемлекет басшысының Жолдауын қолдап, осы бастаманы Ақсу ауданында жүргізудің әдіс — тәсілдерін, жолдарын бақылауда.

Сондай — ақ, қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру туралы айтқанда, цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтырып жатқанын айтып, сондықтан қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр, — деп партияның «Қарыссыз қоғам» жобасы туралы да, оның мүмкіндіктері туралы да толық айтып өтті. Осы жоба бойынша мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет екені алаяқтардың жолын кесудің, оларға алданып қалмаудың басты мүмкіндігі екенін де назардан тыс қалдырмады.

«Аманат» партиясы Ақсу аудандық филиалы мемлекет басшысы Қасым — Жомарт Тоқаевтың бастамаларын қолдайды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«Аманат» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

Әскер қатарында заң мен
тәртіптің сақталуы

Сыбайлас
жемқорлыққа

ЖОЛ ЖОҚ!!!

Мемлекет басшысы Қасым — Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы — айырықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты», — деп ашып айтты.

Иә, қазақстанның 18 жасқа толған әр азаматы әскерге бару, Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті. Алайда, жас сарбаздар әскери міндеттен қашып, көп ата — аналар балаларын осы міндеттен алып қалу үшін көп әрекеттерге барып жатады. Әскери міндеттен қазіргі таңда қорқудың қажеті жоқ. Жас сарбаздарға бүгінде көп мүмкіндіктер қарастырылған. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа жол бергенше Оян алдындағы борышын абыроймен атқарып келгені абзал. Оған Президентіміздің

Жолдауында айтқан жоғарыдағы сөздері дәлел.

Жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністер болып табылады. Жемқорлықпен күрестің басты бағыттарының бірі — оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн. Әрбір мемлекеттік қызметкердің жеке жауапкершілікте болуы, сыбайлас жемқорлықтың себебіне талдау жасап отыру, мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне мониторинг жүргізу, мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтылығы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету, қызмет алушыға мейлінше жағдай жасау, сенім телефоны, хаттар мен жеке заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау жөніндегі жабдықтау аудандық қорғаныс бөлімінің негізгі жоспарлы жұмысы.

Себебі, Отанды қорғау — ол бізден басталады. Қорғаныс бөлімінде жемқорлыққа жол берілсе — Отанға қауіп төнді деген сөз. Сондықтан қызмет көрсетуші мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың тәуекел дәрежесіне ішкі бақылау жүргізілуде.

Д.КИРГАБАКОВ,
Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

Бұқаралық спорт —
ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Ел Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын аудан әкімдігінің үлкен мәліс залында лет экран арқылы тыңдадық. Тыңдап отырсақ, Жолдауда барлығы да экономикалық дамуымызды жеделдетуге, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге, деннің саулығын сақтауға бағытталған бағдарлы қадамдар. Соның ішінде біздің салаға қатысты мәселені де жақсы көтеріп айтты. Иә, бұқаралық спортты дамыту мәселесінің мінберден көрінуі көңіл қуантады.

Президент өз сөзінде: «Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым.

Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық

спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ, болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айырықша мән бергені жөн деп санаймын», — деді. Шынымен де спорттың жалпыхалықтық сипат алуы, салауатты өмір салтының трендке айналуы құптарлық дүние. "Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын тың жол іздеу" тікелей осы спортпен шұғылдануға келіп тірелетіні мәлім. Сондықтан да бұқараның, әсіресе, жастарды осы бағытқа әуес болуы аса маңызды деп білеміз.

Мемлекет басшысы Жолдауын жолдап, спортты қолдап отырғанда бұқаралық спорттың кері тартуы мүмкін емес. Сондықтан аудан тұрғындарын спортпен айналысуға шақырамын. Президент Жолдауын бірге қолдайық.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
аудандық бұқаралық спорттық іс — шараларды ұйымдастыру орталығының директоры.

Тазалық жинағаннан емес,
шашпағаннан

Мемлекет басшысы Қасым — Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Экологиялық ахуалды жақсарту — алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі», — деп көтерген жетінші мәселеде «Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек. Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет», — деп табиғатты аялау, қорғау, күтіп баптау керектігі басты назарда екенін айтып, «Баршаңызға мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл — тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама. «Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деу-



ге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл — уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бой-

ынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет — деді.

Иә, халқымыз «Тазалық жинағаннан емес, шашпағаннан» деп қалай тауып айтқан. қанша жерден жинап жатсақ та келесі біреулер шашып жатса жасалған жұмыс көзге көрінбейді ғой. Осы мәселеге тосқауыл болуы керек.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы Ақсу ауданында да үлкен жауапкершілікпен жүргізіліп келеді. Ақцияға аудан жастары мен «Жасыл ел» жастар жасағы зор үлестерін қосуда. Көктемнен бері аудан бойынша қаншама жұмыстар атқарылса, соның басы қасында біздің жастар мен ауылдық округ нұсқаушылары, Ақсу жастары қызметкерлері, жасыл ел жасақшылары, еріктілер тобы белсенділік танытып жүр.

Балғын ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
«Aqsu Jasty» филиалының басшысы.



АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы

Алматы облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 мамырдағы №193 Қаулысы. Алматы облысы, Әділет департаментінде 2019 жылы 15 мамырда №5130 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 4 және 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес берілсін.
3. Осы Қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Есжанов Газиз Отарбаевичке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Ақсу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "14" мамыр "Ақсу ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" №193 Қаулысына 1-қосымша

АҚСУ АУДАНЫНДА ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

1. Ақсу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Ақсу ауылы, Күнғали көшесі, №22, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Көкжайдақ ауылы, Орталық көшесі, №1, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанындағы стөнд;
 - 3) Шолақөзек ауылы, Талдыарық көшесіндегі №12 үйдің жанындағы стөнд.
2. Арасан ауылдық округі бойынша:
 - 1) Арасан ауылы, Ф.Мамбетов көшесі, №25, мәдениет үйінің ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Қызылжар ауылы, Қызылжар көшесі, №20, фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
3. Егінсу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Егінсу ауылы, С. Жақаев көшесі, №7, медициналық пункті ғимараты жанындағы стөнд.
4. Есеболатов ауылдық округі бойынша:
 - 1) Есеболатов ауылы Алыбаев және Круценко көшелерінің қиылысындағы стөнд;
 - 2) Қызылқайың ауылы, Бұхар Жырау және Мәметова көшелерінің қиылысындағы стөнд;
 - 3) Таусамалы ауылы, Ғарышкер көшесі, №1, Бұрыңғы жол жөндеу кәсіпорнының алдындағы стөнд.
5. Жаңалық ауылдық округі бойынша:
 - 1) Жаңалық ауылы, Д.Нұрғалиев және Ш.Бәтенов көшелерінің қиылысындағы стөнд.
 6. Қарасу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Кеңжыра ауылы, Әкімшілік көшесі, №27, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Еңбек ауылы, М.Ермектасов көшесі, №28, фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд;
 - 3) Тарас ауылы, Тәуке хан көшесі, №23, фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
 7. Қаракөз ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қаракөз ауылы, Басқан көшесі, №17, фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Кеңғарын ауылы, Е.Сиқымов көшесіндегі №33 үйдің жанындағы стөнд.
 8. Қарашілік ауылдық округі бойынша:
 - 1) Сағабүйен ауылы, Қ.Терібаев көшесі, №18, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Қарашілік ауылы, Н.Қастекбаев көшесі, №6, фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
 9. Қапал ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қапал ауылы, Т.Бигельдиев көшесі, №9, Е.Жайсанбаев атындағы орта мектеп ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Қапал ауылы, Ф.Орманов көшесі, №1, Ф.Орманов атындағы орта мектеп ғимараты жанындағы стөнд;
 - 3) Қапал ауылы, О.Жандосов көшесі, №1, Қапал ауылдық ауруханасының жанындағы стөнд.
 10. Көшкентал ауылдық округі бойынша:
 - 1) Көшкентал ауылы, Н.Түшкенов көшесі, №1, Көшкентал орта мектебі ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Көлтабан ауылы, Орталық көшесі, №15 "Б", фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
 11. Барлыбек Сырттанов ауылдық округі бойынша:
 - 1) Барлыбек Сырттанов ауылы, Мамырбеков көшесінің бойындағы стөнд;
 - 2) Копа ауылы, Алтай және Қазақстан көшелерінің қиылысындағы стөнд.
 12. Қызылағаш ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қызылағаш ауылы, Жастар көшесі, №27, Қызылағаш ауылының "Казпочта" ғимараты жанындағы стөнд.
 - 2) Ақтоған ауылы, Қараторғай көшесінің бойындағы фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
 13. Матай ауылдық округі бойынша:
 - 1) Матай ауылы, М.Тынышбаев көшесі, №31, Матай ауылдық ауруханасы ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Матай ауылы, Б.Нүрпеисов көшесі, №32, "Кәусар" балабақшасы ғимараты жанындағы стөнд;
 - 3) Құрақсу ауылы, Орталық көшесі, №19, ауылдық фельдшерлік пункті ғимаратының жанындағы стөнд.
 14. Молалы ауылдық округі бойынша:
 - 1) Молалы ауылы, Құрманғазы көшесі, №12, Молалы ауылдық мәдениет үйі ғимараты жанындағы стөнд;

- 2) Алажиде станциясы, Абай және О.Бөкей көшелерінің қиылысындағы фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
15. Ойтоған ауылдық округі бойынша:
 - 1) Ойтоған ауылы, Мәдікжа және Чукунов көшелерінің қиылысындағы фельдшерлік акушерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
16. Суықсай ауылдық округі бойынша:
 - 1) Суықсай ауылы, Жақсылық көшесі, №22, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанындағы стөнд;
 - 2) Ащыбұлақ ауылы, Д.Бейсенбаев көшесі, №13, Ащыбұлақ клубының ғимараты жанындағы стөнд;
 - 3) Баласаз ауылы, Баласаз көшесі, №8, Баласаз фельдшерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд;
 - 4) Ақтөбе ауылы, Ақтөбе көшесі, №5, Ақтөбе фельдшерлік пункті ғимараты жанындағы стөнд.
17. Жансүгіров ауылдық округі бойынша:
 - 1) Жансүгіров ауылы, Б.Жидебаев және О.Жұмашев көшелерінің қиылысындағы стөнд;
 - 2) Жансүгіров ауылы, Ф.Мұратбаев және Желтоқсан көшелерінің қиылысындағы стөнд;
 - 3) Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр және Ілияс Жансүгіров көшелерінің қиылысындағы стөнд;
 - 4) Алтынарық ауылы, Қ.Терібаев көшесінің бойындағы стөнд;
 - 5) Көкөзек ауылы, Қ.Терібаев атындағы мәдениет үйінің жанындағы стөнд.

Ақсу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "14" мамыр "Ақсу ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" № 193 қаулысына 2-қосымша

АҚСУ АУДАНЫНДА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ ҮШІН ШАРТ НЕГІЗІНДЕ КАНДИДАТТАРҒА БЕРІЛЕТІН ҮЙ - ЖАЙЛАР

1. Ақсу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Ақсу ауылы, Айсеркенов көшесі, №13, Мамания орта мектебінің акті залы;
 - 2) Көкжайдақ ауылы, Орталық көшесі, №13, Абай орта мектебінің акті залы;
 - 3) Шолақөзек ауылы, Талдыарық көшесі, №2, Шолақөзек бастауыш мектебінің акті залы.
2. Арасан ауылдық округі бойынша:
 - 1) Арасан ауылы, Т.Тұрғанбек көшесі, Б.Сырттанов атындағы орта мектебінің акті залы;
 - 2) Қызылжар ауылы, Қызылжар бастауыш мектебінің акті залы.
3. Егінсу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Егінсу ауылы, Ыбырай көшесі, №22, Егінсу орта мектебінің акті залы.
4. Есеболатов ауылдық округі бойынша:
 - 1) Есеболатов ауылы, Жамбыл көшесі, №40, Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің акті залы;
 - 2) Қызылқайың ауылы, Бұхар Жырау көшесі, №19, Қызылқайың негізгі орта мектебінің акті залы;
 - 3) Таусамалы ауылы, Кошевой көшесі, №4, Ақсу аудандық электр жүйелері ғимаратының акті залы.
5. Жаңалық ауылдық округі бойынша:
 - 1) Жаңалық ауылы, М.Қойшыбай көшесі, №3, мәдениет үйінің акті залы.
6. Қарасу ауылдық округі бойынша:
 - 1) Кеңжыра ауылы, Әкімшілік көшесі, №28, Кеңжыра орта мектебінің акті залы;
 - 2) Еңбек ауылы, М.Ермектасов көшесі, №35, Қарасу негізгі орта мектебінің акті залы;
 - 3) Тарас ауылы, Тәуке хан көшесі, №9, Тарас негізгі орта мектебінің акті залы.
7. Қаракөз ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, Б.Садырбайұлы атындағы орта мектебінің мұғалімдер кабинеті;
 - 2) Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі, №45, Кеңғарын негізгі орта мектебінің мұғалімдер кабинеті.
8. Қарашілік ауылдық округі бойынша:
 - 1) Сағабүйен ауылы, Абылайхан көшесі, №26, Р.Тәжібаев атындағы мәдениет үйінің акті залы;
 - 2) Қарашілік ауылы, Н.Қастекбаев көшесі, №7 "А", Қарашілік орта мектебінің акті залы.
9. Қапал ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қапал ауылы, М.Алыбаев көшесі, №21, мәдениет үйінің акті залы.
10. Көшкентал ауылдық округі бойынша:
 - 1) Көшкентал ауылы, Амангелді көшесі, №30, мәдениет үйінің акті залы;
 - 2) Көлтабан ауылы, Орталық көшесі, №15, Көлтабан негізгі мектебінің мұғалімдер кабинеті.
11. Б. Сырттанов ауылдық округі бойынша:
 - 1) Б. Сырттанов ауылы, О.Жандосов көшесі, №1, Ф.Мұратбаев атындағы негізгі орта мектебінің акті залы;
 - 2) Қопа ауылы, Балтабай көшесі, №1 "А", Ш.Уалиханов атындағы негізгі орта мектебінің акті залы.
12. Қызылағаш ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қызылағаш, Жастар көшесі, №10, мәдениет үйінің акті залы;
 - 2) Ақтоған ауылы, Дөсет ата көшесі, №17, Қызылағаш негізгі мектебінің акті залы.
13. Матай ауылдық округі бойынша:
 - 1) Матай ауылы, Депо көшесі, №1, Депо клубы ғимаратының акті залы;
 - 2) Матай ауылы, Т.Бейсенбеков көшесі, №4 "А", Матай орта мектебінің акті залы;
 - 3) Матай ауылы, А.Қисабеков көшесі, №18, ПЧ-41 жол дистанциясы ғимаратының кабинеті;
 - 4) Құрақсу ауылы, Орталық көшесі, №29, фельдшерлік пунктінің кабинеті.
14. Молалы ауылдық округі бойынша:
 - 1) Молалы ауылы, Сексенбай батыр көшесі, №25 "А", М.Өуезов атындағы негізгі орта мектебінің акті залы;
 - 2) Алажиде ауылы, Мектеп көшесі, №3, Алажиде атындағы негізгі орта мектебінің акті залы;
15. Ойтоған ауылдық округі бойынша:
 - 1) Ойтоған ауылы, Шүкенов көшесі, №10, мәдениет үйінің акті залы;
16. Суықсай ауылдық округі бойынша:
 - 1) Суықсай ауылы, Омаров көшесі, №13, мәдениет үйінің акті залы.
 - 2) Ащыбұлақ ауылы, Достық көшесі, №22, М.Маметова орта мектебінің акті залы;
 - 3) Баласаз ауылы, Баласаз көшесі, №7, Баласаз бастауыш мектебінің акті залы;
 - 4) Ақтөбе ауылы, Ақтөбе көшесі, №3, Ақтөбе бастауыш мектебінің акті залы;
17. Жансүгіров ауылдық округі бойынша:
 - 1) Жансүгіров ауылы, О. Жұмашев көшесі, №49, Е.Сиқымов атындағы орта мектебінің акті залы;
 - 2) Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №42, "Ақын Сара" мәдени жастар орталығының акті залы;
 - 3) Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №6, Қ.Сәтбаев атындағы орта-мектеп гимназиясының акті залы;
 - 4) Алтынарық ауылы, Абай көшесі, №2, Қаракемер орта мектебінің акті залы;
 - 5) Көкөзек ауылы, Мектеп көшесі, №1, Қ.Терібаев атындағы орта мектебінің акті залы.

Форма 12

ИНФОРМАЦИЯ О МЕСТАХ (ПОМЕЩЕНИЯХ) ДЛЯ ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ, ОПУБЛИКОВАНИЕ В СМИ ГРАФИКА ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ АКСУСКОГО РАЙОНА

№	Место встреч с избирателями, адрес	СМИ		График встреч	Примечание
		наименование, № тиража	дата опубликования		
1	село Жансугуров, улица Муратбаева, №1, актовый зал дом культуры им.М.Байсакулы	Общественно – политическая, социально-экономическая газета «Ақсу өңірі» №36-37(10240) тираж (2179)	06.09.2024 г	10 сентября. Встреча с жителями села Жансугуров. Место проведения: актовый зал дом культуры им.Молыкбай Байсакулы, с.Жансугуров, Аксуский район; Живой охват: 80 чел.	
2	село Жансугуров, улица Желтоқсан, №5Б, зал заседания районного филиала партий «AMANAT»			17 сентября. Встреча с пенсионерами. Место проведения: зал заседания районного филиала партий «AMANAT», с.Жансугуров, Аксуский район; Живой охват: 50 чел.	
3	село Тарас, улица Тауке хан, №23, актовый зал нсш. Тарас;			19 сентября. Встреча с жителями села Тарас. Место проведения: актовый зал нсш. Тарас, с.Тарас, Аксуский район. Живой охват: 60 чел.	
4	село Таусамалы, улица Кошевой, №4, актовый зал у здания Аксуской районной электросети;			30 сентября. Встреча с коллективом «Ақсу ГЭС». Место проведения: актовый зал детского сада, с. Таусамалы, Аксуский район. Живой охват: 20 чел.	

ҚОЛБАСШЫ, БАТЫР БӨРІБАЙ САРЫҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 330 ЖЫЛ!

Есімі ұранға айналған



Бөрібай батыр

Талғат МЕКЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Қазақстан тарихында XVII ғ. ортасынан XVII ғ. ортасына дейінгі аралық ең маңызды кезеңдердің біріне жатады. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған осы тарих кезеңнің басты белгісіне қазақ халқының жоңғар басқыншыларымен жүргізген азаттық күресі жатады. Сол күрес барысында хандарымыз бен сұлтандарымызды айтпағанда, қазақтың қаншама батырлары қол бастап, қан майдандарда қан төкті, қазақ жері мен елінің тәуелсіздігі, азаттығы жолында жанын пида етті. Бір батырларымыз жекпе - жектерде жауын жастандырып, есімін паш етсе, бір батырларымыз мыңдаған қолға басшылық жасап, шешуші шайқастарда жеңісті алып берді. Бір батырларымыздың атақ - даңқы күні бүгінге дейін жасаған ерліктері арқылы жетіп отырса, ал бір батырлар бүгінгі ұрпаққа есімі ұранға айналып жетіп отыр. Сондай есімі ұранға айналған XVIII ғасырдағы қазақ батырларының бірі - матай Бөрібай батыр.

Қазіргі кездегі қолда бар дерек материалдарына қарасақ, Бөрібай батыр туралы біраз тарихи дастан жазылған екен. Қызыл империяның тұсында жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы болған халық көтерілістерінің бірі Капал - Ақсу өңірінде өтіп, ол «Бөрібай көтерілісі» деп аталған екен.

Кеңестік идеологтар бұл оқиғаны халықтың жадынан өшіру үшін Бөрібай батыр есіміне байланысты барлық деректерді жыпы алыпты. Ол деректердің одан кейінгі тарихы белгісіз.

Халық бар жерде оның тарихи жады өлмейді. Жетісу жерінде Бөрібай батырға байланысты тарихи аңыз - әңгімелер жиі айтылады. Оның ерліктері ақындар айтысында, кейбір жырларда мақтаншыпен жырланады.

Деректерге қарасақ, батыр Орта жүздің найман тайпасындағы матай руынан тумасы. Оның жетінші атасы XV ғасырда өмір сүріп, бүкіл найман тайпасын басқарған Ер Қаптағай батыр екен. Ал Қаптағай батырдың есімі бүкіл найманның ұраны екенін біреу білсе, біреу білмес. Шежірелерде Қаптағайдан Бөрібайға дейінгі аталардың бәрі де әрі батыр, әрі би, шешен болып, өз заманының белгілі тұлғалары болыпты. Бөрібай батырдың әкесі Сарымырза Тәуке ханның елшісі ретінде Ресейге барып, сол жақта қайтыс болған. Бөрібай батыр деректерге қарағанда 1694 жылы Жетісудың Қаратап мен Ақсу өзендері арасындағы Қарасырық, Қора атты кең жайлауында дүниеге келіпті.

Бөрібай батырдың тарих сахнасына шығып көзге түсуі «Елім - айлап» халықтың зар жылаған, тарихшылар «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп атаған 1723 - 1725

жылдардағы оқиғалар барысында болады. Жоңғарлардың күтпеген жорықтарына төтеп бере алмаған қазақ рулары жан - жаққа көшкенде Бөрібай батыр өз руы мен өзге рулардың бір бөліктерін бастап, Орталық Қазақстандағы Сарысу маңайына бастап келеді. Ол туралы бір тарихи жырда жырланады...

Бөрібай батыр өз руластары мен әр рудың жекелеген бөлімдерін жау соққыларынан аман алып қана қоймай, жауға соққы беруге де дайындалады. 1725/1726 жылы жоңғарларға қазақтардың алғашқы берген соққысы және оның Сарысу бойындағы «Қарасиыр», кейіннен «Қалмақ қырылған» деп аталуы бекерден бекер емес. Осы шайқастарда Кіші жүздің Тайлақ, Ұлы жүздің Саурық батырлар бастаған жасақтары ерекше көзге түседі.

Сарысу өңірінде басталған алғашқы жеңіс Аңырақайдағы Ұлы жеңіске ұласады. Бірақта Аңырақайдың жеңісін қазақ халқы толықтай пайдалана алмады. Хандар мен сұлтандар арасында ауызбіршіліктің болмауы 1730 - 1740 жылдары жоңғарлардың келесі бір жойқын жорықтар жасауына алып келді. Тарихшыларымыз екінші «ақтабан шұбырынды» деп атап кеткен бұл жоңғар шапқыншылығы 1739 - 1741 жылдары өтеді. Осы жылдардағы шайқастарда қазақтар Барақ сұлтан бастаған жасағы жеңіліске ұшырайды, Абылай сұлтан жау қолына тұтқынға түседі, ал көптеген батырлар осы ұрыстарда қаза табады. Бөрібай батыр да осы кезде Сарысу бойында «Таңбалы тас» деген жерде өткен ұрыстың бірінде қаза табады. Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» атты Қаракерей Қабанбай батыр туралы тарихи романда Бөрібай батырдың ерлікпен қаза табуын былай деп суреттейді: «Әскердің бас - аяғын түгендегенде қазақ жағынан да едәуір шығын бары анықталды. Жеңіл - желгі жаралыларды қоспағанда, шейіт кеткендердің өзі бес жүзден асады. Матай Бөрібай, Жалайыр Тәттібай, Семізнайман Бөдесбатырлар қаза болған... Бөрібай батыр - исі Найманға ұран болған ежелгі Ер Қаптағайдың тікелей ұрпағы еді. Бір өзі он шақты қалмақтың қоршауында қалып, ерлікпен мерт болыпты...». Егерде Бөрібай батыр жаудың күшінің басым екендігін мойындап тұтқынға берілсе, мүмкін аман қалар ма еді. Бірақ та текті әулеттің өкілі «жаным арымның садағасы» дегендей, жоңғарға тұтқынға түсіп, жақсы атаның сүйегіне кір келтіргенше, жаумен соңғы демі бітіп, соңғы күші сарқылғанша айқасуды жөн көрген сияқты. Міне, осындай ерлігі Бөрібай батырды бірден өз руының ұраны етеді. Мұндай адамның көз келген бір төбеде жерлене салынуы мүмкін емес. Ұрпақтары мен қарулас серіктері Бөрібай батырды 1743 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанында арулап жерлейді.

Бүгінгі күндері Батырдың есімі осы кесене маңында жерленген тарихи тұлғалар тізімінде №45 болып тұр.

Текті әулеттің ұрпағы тектілігін қашанда сақтап отыратыны белгілі. Бөрібай батырдың ұрпақтары да жетінші ұрпаққа дейін өз тектілігін жалғастырып отырады. Есімдері әйгілі болған оның ұрпақтары мыналар:

Қыдырәлі би (шамамен 1736/1737 - 1807 ж.ж.) - Бөрібай батырдың кіші ұлы, әкесі қаза тапқанда 4 - 5 жаста болған екен. Өзі өмір сүрген дәуірінде қара қылды қақ жаратын тұрашыл болған және жұртқа жасаған қайырымдылығымен «қайырымды Қыдырәлі би» атанған. Оның айтқан ойлы шешімдері ел арасына кең таралып, қанатты сөздерге, мәтелдерге айналған.

Ол туралы Ө.Ақыпбекұлының «Қайырымды Қыдырәлі би» атты мақаласынан тереңірек оқып білуге болады.

Тәнеке батыр Дәсетұлы (1807-1885 ж.ж.) - Кенсары Қасымұлы бастаған ұлт - азаттық қозғалысына қатысқан белгілі батыр.

Маман Қалқабайұлы - әрі би, әрі шешен болған, қазақтан шыққан алғашқы кәсіпкерлердің бірі. Жетісу жерінде халық ағарту ісін ұйымдастыруға белсене атсалысқан, халықтың рухани көсемі бола білген.

Тұрлыбек Маманұлы - Жетісу өңірінде алғаш рет медресе ашып, әкесі Маман бидің жолын қуған, халық ағарту саласын дамытуға белсене араласқан.

Есенгүл қажы қазақтың алғашқы меценаттарының бірі, 1913 жылы «Қазақ» газетіне қазақша роман жазған адамға бөйге тігетінін жариялаған.

Барлыбек Сырттанов (1866-1914) - 1886-1890 жылдары Санкт - Петербург университетінің шығыстану факультетінде оқып, араб - парсы және түрік - татар тілдерінің маманы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітірген. Студенттік жылдары Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров, Бақтыгерей Құлмановтармен бірге «Жерлестер» атты ұйым құрған. XX ғасыр басындағы қазақ еліндегі қоғамдық - саяси өмірге араласып, ойларын «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы арқылы жеткізіп отырған. Болашақ Қазақ елінің конституциясын жазған. 1914 жылы 26 қарашада өкпе ауруынан қайтыс болып, денесі Капалда жерленеді. Б.Сырттанов туралы С.Өзбекұлының монографиясы бар.

Қазіргі күнде тәуелсіз ел болып, өз тарихымызды өзіміздің зерттеуімізге мүмкіндіктер туып отырған кезде неге біз тарихи тұлғаларымызға өзіне лайықты тарихтағы орнын бермейміз. Осындай Бөрібай батыр секілді тұлғалар есімін жас ұрпақты отансүйіштік рухта тәрбиелеуге неге пайдаланбаймыз. Олар болашақ Қазақ елі үшін ұрыста жанын пида етті. Ал біз қазір оның есімін ардақтай алып отырмыз ба? Меніңше батыр есімін жерінде есте қалдыру үшін оның туған меріні ескерткіш қойса, нұр үстіне нұр.

Тілші түйіні: Бұл мақаланы Сержан Мұқатаев құрастырған «Бөрібай батыр - тарихи тұлға» атты 2013 жылы жарық көрген кітаптан алып отырмыз. Ол кітап ақсулық оқырмандардың қолдарына толық жетпесі анық. Сондықтан Бөрібай батырдың 330 жылдығына орай ұйымдастырылып жатқан той қарсаңында оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Мақаланың соңында айтылған «туған жерінде ескерткіш қойса, нұр үсіне нұр» - деген сөз ауданымызда ескерткіш орнатылмай тұрып жазылғандықтан сол қалпында қалдырып, соңына түсінік бере кетуді жөн санадық.

Батыр ұрпақтары мен Бөрібай батыр қорының төрағасы Берікбол Қасымовтың бастамасымен, барлық Ақсу халығы мен Атымтай жомарт жандардың қолдауымен, демеушілігімен Ұлы Жібек жолы бойында, аудан орталығының шығыс жақ айналма жолының ортасына батыр ескерткіші қойылған.

Ертең үлкен ас, мереке осы ескерткішке гүл шоғын қоюдан басталады.

Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВКЕ - 130 ЖЫЛ!

ИЛІЯС - ЖЫР
ҚҰЛАГЕРІ

Илияс Жансүгіров — қазақтың ұлы ақыны, жазушысы және қоғам қайраткері, оның шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Ақынның туғанына 130 жыл толуына орай оның өмірі мен шығармашылығына қайта оралып, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін бағалаудың маңызы зор. Жансүгіровтың шығармалары мен қоғамдық қызметі Қазақстанның ұлттық әдебиеті мен мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Оның ақындық даралығы мен шығармашылық кеңестігі оны қазақ әдебиетінің биігіне көтеріп мәңгілік мұра қалдырды.

Илияс Жансүгіров 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Оның балалық шағы қазақ халқының дәстүрлі өмірімен, салт-дәстүрлерімен, халықтық ән-күймен тығыз байланысты болды. Ол жас кезінен бастап халықтың ауыз әдебиетіне қызығып, сол арқылы өзінің алғашқы ақындық қабілеттерін дамытты. Жансүгіровтың шығармашылығында туған жерге, халықтың рухына деген махаббат ерекше орын алады. Оның өлеңдерінде қазақ халқының болмысы, тағдыры, тарихы мен мәдениеті терең суреттелген. Илияс Жансүгіров шығармашылық жолын Абай дәстүріне сүйене отырып, ұлттық рухты биік дәрежеде сақтап қалуға ұмтылды. Оның поэзиясында халқына деген сүйіспеншілік, елдің тағдырына деген алаңдаушылық, қоғамдағы әділетсіздікке деген қарсылық сезілетін. Ақынның шығармаларында өмірдің түрлі қырлары терең ашылады. Ол қазақ халқының қайғысы мен қуанышын, мұңы мен үмітін шеберлікпен жырлады. Жансүгіровтың поэзиясы өзінің эмоциялық қуатымен, бай образдарымен, терең философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Ақынның ең ірі шығармаларының бірі "Құлагер" поэмасы болып табылады. Бұл туынды қазақ халқының көкейінде жатталып қалған аңызға айналған тұлпар Құлагерге арналған. Поэмада қазақтың ұлттық мәдениеті, тұрмысы мен дәстүрлері кеңінен суреттелген. Құлагер бейнесі арқылы Жансүгіров халықтың қайсарлығын, күрескерлігін, еркіндікке деген ұмтылысын көркем жеткізеді. "Құлагер" поэмасы қазақ әдебиетінің ең биік жетістіктерінің бірі ретінде танылып, Илияс Жансүгіровтің есімін мәңгілікке бекітті. Ақынның бұл шығармасы тек поэзиялық туынды ғана емес, халықтың рухани мұрасы болып қалды.

Илияс Жансүгіровтың шығармашылығында қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелері де кеңінен көрініс тапты. Ол өз заманының ауыртпалықтарын, әділетсіздікті, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, халықтың мұңын ашық жырлады. Ақынның поэзиясында әлеуметтік сын мен әділдікке деген ұмтылыс айқын көрінеді. Ол қарапайым халықтың ауыр жағдайын, еңбекші таптың күресін бейнелей отырып, халықтың болашаққа деген үмітін де жеткізе білді. Жансүгіровтің өлеңдерінде халықтың еркіндікке, әділеттілікке деген ұмтылысы айқын көрінеді. Оның поэзиясы қазақ халқының азаттыққа, еркіндікке деген талпынысын айқын бейнелейді. Сонымен қатар, Илияс Жансүгіров аударма ісінде де үлкен жетістіктерге жетті. Ол орыс және әлем әдебиетінің классикалық шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ оқырмандарының әлемдік әдебиетке деген қолжетімділігін арттырды. Аударма саласындағы еңбектері арқылы Жансүгіров қазақ тілінің көркемдік мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның әдеби деңгейін көтерді. Жансүгіровтың аудармалары қазақ тілінің байлығын, икемділігін, көркемдік қуатын көрсетіп қана қоймай, қазақ әдебиетін жаңа мазмұнмен толықтырды. Илияс Жансүгіров тек ақын ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері, ұлт жанашыры болды. Ол өз халқының мүддесін қорғап, оның мәдениеті мен руханиятын сақтап қалу үшін қажырлы еңбек етті. Жансүгіровтің шығармашылығы қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, оның болашағына деген сенімін нығайтуға бағытталған. Оның шығармалары халқына деген терең сүйіспеншілік пен құрметтің көрінісі болып табылады.

Кеңес дәуірінде өмір сүрген ақын өзінің шығармашылық еркіндігі мен ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға тырысты. Дегенмен, сол кездегі саяси қысымдар оның шығармашылығына да әсер етті. 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессиялар кезінде Илияс Жансүгіров жазықсыз қудаланып, ату жазасына кесілді. Оның шығармашылық өмірі ерте үзілгенімен, ол өз халқының жадында мәңгі сақталып қалды. Жансүгіровтың есімі қазақ әдебиетінің тарихында алтын әріптермен жазылған. Ақын шығармашылығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Оның поэзиясы мен прозасы қазақ халқының рухани байлығын арттырып, ұлттық мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Ақынның шығармашылық мұрасы болашақ ұрпақ үшін де баға жетпес рухани қазына болып қала береді. Илияс Жансүгіровтің шығармалары бүгінгі күнде де қазақ оқырмандарына рухани азық болып отыр. Илияс Жансүгіровтың 130 жылдығы тек қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани өмірінің маңызды оқиғасы болып отыр. Бұл мерейтой оның шығармашылығын қайта бағалап, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесін тағы да бір еске алуға мүмкіндік береді. Ақынның мұрасы — ұлттық рухтың символы, оның шығармалары әрқашан қазақ халқының рухани байлығын дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қазына болып қала беруді. Илияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл толуына орай оның шығармашылығы мен өмірі қазақ халқының рухани жаңғыруына жаңа серпін берері сөзсіз.

Айдана ДОСЖАНОВА,
"Ақын Сараның" мемориалды музейінің
экскурсия-жетекшісі.

НОҒАС ЕР ДОСАЙ

Ауыздан шыққан сөзге өзін құлсын, ауыздан шықпаған сөз саған құл.

ТОЛҒАНБАЙ АҚЫН.

Олар жүріп келе жатқан жолда біресе ат ізі, біресе екі аяқты адам ізі алмасып, жолға түскенін байқайды. Жолаушылар:

- Жын ба? Шайтан ба? - деп бас шайқасады. Ат пен адамның ізі алмасып отырғанына таңданған жолаушылар ас беріп жатқан ауылға келеді.

Досай батырдың бәкісін тауып алған жолаушылар, келген бойда «бәкінің иесі кім?» екенін білгілері келіп, аста жүрген адамдардан сұрастырады. Өз бәкісін таныған Досай:

- Бұл менің бәкім! - дейді. Бәкіні тауып алған адам:

- Бәкі шынымен сенікі болса? Бізге мынаны түсіндірші? - деп, өздері көрген «жұмбақ іздер» туралы айтып береді. Сонда Досай:

- Егер сенсеңіздер, сіздер таң қалып отырған іздердің сырын айтайын. Алмасып отырған ат пен адам ізі ғой. Ол - атым мен өзімнің ізім. Себебі, атым болдырып, шаршаған соң, амал жоқ, атымды көтеріп алдым. Ал, өзім шаршаған кезде, атыма мініп алдым, - деп жұмбақ іздің сырын ашады. Оған біреуі сенсе, біреу сенбей дүрлігеді. Сол жерде жиналған жұрттың ішінен біреуі:

- Сенің осы айтқандарың рас болса? Қазір осы жұртшылықтың алдында, атыңды көтеріп жүз қадам жүрші? - дейді. Жиналған елдің алдында, Досай атын әкеп, көтеріп, жүз қадам жүріп өтеді. Тандана шуласқан жұрттың алдына, сол ауылдың қадірлі қариясы шығып, Досайдың ірі тұлғасына, көрсеткен ісіне риза болып, батасын береді де:

- Бұл жігіт нағыз - батыр! Болатын ер екен! Астындағы аты өзіне тең, сай емес. Сондықтан, халық атынан, көп жылқының ішінен өзіне сай, таңдаған атын тарту етіп беріндер! - дейді. Міне, Досай осындай күш иесі алып, жөншенді ат көтермеген адам екен.

Қазақ халқының басынан өткен қатерлі де қайғыға толы жылдар - жоңғар шапқыншылығы. Жоңғарлардың басын 1635 жылы біріктіріп билік құрған Батур хонтайшы (1635-1654 ж.ж.). Оның тұсында қазақ-жоңғар арасында ірі үш соғыс өткен. Біріншісі - 1635 жылы, екіншісі - 1643 жылы, үшіншісі - 1652 жылы. Батур хонтайшы тұсындағы алғашқы 1635 жылғы соғыс Басқан өзені бойында болған. Бірақ, бұл шайқастың немен аяқталатындығы туралы тарихи ешқандай мәлімет жоқ. Ал, 1643 жылғы екінші соғысында қазақтар жоңғарды жеңеді. Қазақтардың жоңғарлармен келесі соғысы Батурдың баласы Қалдан Бошқты (1671-1679 ж.ж.) тұсында, 1673-1678 жылдары болған. Осы соғыста қазақтар жеңіліп, Жетісу жері жоңғар-қалмақтарға қарап қалады. Қазақ халқы үшін ең ауыр, қайғы-қасіретті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған кезең - 1723 - 1728 жылдары өткен.

1723 жылы көктемде жақсы дайындалған жоңғарлардың қалың қолының тұтқиылдан шапқыншылығына ұшыраған оңтүстік Қазақстан, Талас өзенінің алқабы мен Сырдария, Жетісу өңірінде өте ауыр шайқастар шарбыды. Жоңғарлар Ұлы жүз бен Орта жүздің осы өңірді мекендеген руларын ойрандап, өңірдегі егіншілік пен жұрт мәдениеті қираланды. Қазақ руларының деуір бөлігі өз мекендеріндегі тауларға бекініп, жоңғарға берілмей, құрестер жүргізді. Жоңғарлар басып алған жердегі қазақтар жаудың арт жағында қарулы көтерілістер жасап та отырды. Бұл күрестердің негізгі күші халық бұқарасы болды. Оны ұйымдастырушылар халық ішінен шығып, ел-жұртына деген адалдығымен, асқан қайсарлық ерлігімен танылған қазақ батырлары еді. Зор-зобалаң, қиын-қыстау кезең туғанда басын бөйгеге тігіп, ел қорғаған ерлерді қазақ халқы дастан етіп жырлады. Олардың есімін ұранға айналдырып отырды.

Ер Досайдың ержүректілігін сипаттайтын оқиғалар ел ауызында жүрген өңгімелермен ұштасқан. Жоңғарлармен болған шайқастарда жаудың шебін жеті мәрте бұзған ер Досай жаудың күшінің басымдығына қарамастан, ерлікпен шайқасып, жойқын күшімен, қайтпас қайсарлығымен танылады. Өзі бастаған аз жауынгерлерімен қалың жауды талқандайды. Досай даңқы елге жайылады. Жоңғар-қазақ соғысының көпшілігі батырлардың жекпе-жек ұрысымен басталатыны белгілі. Жекпе-жек майданды екі жақтың ең мықты деген батырлары бастаған. Қолбасшылар таңдауымен хан жекпе-жек майданға кім шығатынын ұйғарып, батасын берген. Қатардағы жауынгерлерге өнеге боларлық қайрат, ерлік,

батырлық, өнер, айла - әрекет көрсетіп, жауынгерлік рухты көтерген. Сондай бір жекпе-жек ұрыста ер Досай жоңғардың Долантопшы деген батырын майданда жеңіп шығады. Оны найзамен шаншып, семсермен желкеден салып ұрған соққысынан жоңғар Долантопшы омақаса атынан жерге құлайды. Тау асуына кіреберісінде, Сағабүйен ауылының тұсында «Долантопшы» деген сай атауы аталған. Сай атауы бекер аталмаса керек. «Ер» атанудың да өз шарты бар. Ол кезде әскер ру атынан жиналады ғой. Ер болатын адамның артында тіректі елі, соңына ерткен жүздеген сарбазы болуы өз алдына, жекпе-жекте жаудың кем дегенде бір батырын сайып түсіруі керек. Жекпе-жек майданында Долантопшыны жеңген Досай есімінің алдына «ер» сөзі қосымша таңылуы осыдан. Аруақтанған Досайдың жауынгерлері «Ер Досай» деп қалмақтарға лап қояды. Осы ұрыста Досайдың мұрнына жаудың жебесі көлденең қадалады. Ер Досай ол жебені отауына оралғаннан кейін ғана, мұрнын қазының майымен сылап, өзі суырып алыпты.

Ер тек қана қара күшін жұмсап қоймай, ақылын да, ойын да, арманын да, қиялын да өз елі мен жеріне арнайды. Ер Досай елдің бүтіндігін, кедей-кепшіктің тарлық-тауқыметін көрмеу жағын, есінен еш шығармайды. Олжадан түскен үлесін оларға үлестіріп беріп отырады. Соғыста қол бастаған - ер, бейбіт кезеңде - елдің қамқоры, ағасы бола білген.

Мұздай темір құрсанып, бес қаруын бойына асынып, халықтың қорғаны болып, ел азаттығы үшін күрескен аруақты ерлердің есімдері елдің ұранына айналса, олар қиен сауыттары, ұстанған қару-жарақ заттары ерлердің әулетінде киелі мұра болып қалатын. Ерлерден қалған жәдігерлердің кейбіреулері олардың ұрпақтарында қасиетті зат ретінде осы күнге дейін қастерленіп, сақталып келгендері бар. Соңғы екі ғасырда жауынгер бабаларымыздан мұра болған жәдігерлердің де біразы талан-таражға түсіп, қолды болып жоголып кеткендері де аз емес. Осы күні ол жәдігерлер тұрмақ, елдің санасынан көптеген батыр-ерлеріміздің есімдері де аталмай, ұмытылғандары жетерлік. Сауыт сайман мен қару-жараққа байланысты көптеген түсініктер де ғайып болды.

Ер Досайдың жоңғар соғысында киген сауыты ұрпақтарында 1948 жылға дейін сақталып келген. Ер Досайдың сауытын сақтаған Көкжайдақ елді мекенінің тұрғыны, батырдың бесінші ұрпағы Садақбай деген қария болатын. Ол қасиетті жәдігерді өзінің әкесі Қонақбай қолынан, берген батасымен қабылдап алады. Сауытты қадірлеп, қастерлеп, үйінің төріне іліп қояды. Сталиндік тоталитарлық кезеңнің дәуірлеп тұрған кезінде ер Досайдың сауытын ақ киізге орап, сырт көзден жасырып сақтайды. Өйткені, бұл кезеңде соғыс пен қуғын-сүргіннен еңсесі езілген ел. Бетке ұстар ер азаматынан айырылған отбасы. Көрінгеннен көз түрткі көріп өскен жетімдер НКВД десе естері шығатынды. «Халық жауы» десе, ат-тонын ала қашатын дәрежеде болатын. Милицияны да, сотты да «әділеттің қалқаны» деп емес, «қара ниетті, қарау билік иесі» деп қарайтын заман туған. Адамзат олардан алшақтап, көздеріне ілігіп, түспеуге тырысатын.

1948 жылы «Көкжайдақ» ауылының тұрғыны Айт Ахметов: «Қонақбайұлы Садақбайдың үйінде атасы ер Досайдың сауыты тығулы жатыр. Сауытты үкіметке өткізбей ұстап отыр», - деп аудандағы милиция бөліміне барып хабарлайды. «Ескінің қалдығын» жасырып ұстағандарды жазалап, жауапқа тартады дегенді естіген момын қарт Садақбай сауытты алуға келген милициялардан «сауыттың ары тағдыры не болатынын» сұрамай-ақ, еш қарсылықсыз сауытты келгендерге бере салған. Кейіннен сауытты қуып, іздестіргенге тағы қорқады. Өйткені, Садақбай қарияның Жұматай деген туыс ағайыны сол кездері НКВД қызметкері болып жұмыс істейтін. «Өз туысың үйіндегі сауытты біле тұра айтпады» деп, оның да жауапқа тартылып кетуі мүмкін. «Қырсығым тиіп кетпесін» деген оймен қуып іздестірмейді. Сауытты сол кезде қарияның үйінен алып кеткен милиция қызметкерлері қазір бұл өмірде жоқ. Сауыттың кие-қасиеттілігі мен, әлде тосын келген жағдайдан ба, Ахметов Айт сауыт туралы хабар беруге ауданға кеткенінде, үйіндегі аман-есен жүрген әйелі мен баласы, қайтып келгенінше, қайтыс болып кетеді.

Садақбай қария өзінің бірінші әйелінен

туған Керімжанның үйіне барып келсе, үйі өртеніп жатады. Үйдегі бар дүниемүлкі өртеніп, жанып кетеді. Сауыттың жағдайын ойлаған қария дереу өртенген заттарды аршып жүріп, сауыт оралған киіздің өртенбей, аман екенін көреді. Сауыт оралған киіздің сырты кішкене сарғыш тартқаны болмаса, еш жерін от ізі шалмапты. Ауыл адамдары Садақбай қария үйінің жанынан «сауыт шыққан үйі» деп, атынан түсіп, жаяу өтеді екен.

Бірінші әйелінен тараған ұрпағы Ақылбек деген қарияның әйелі мінезі шапшаң, ер көкіректеу, өзімішп екен. Сол Жәнипа апа үнемі «тоқалдан туғаныңдар, бабамыздың сауыты сендерге емес бізде болуы тиіс» деп жүріп, бір күндері ебін тауып, ұрлатып алады. Сауытты ұрлатып әкелген күннен бастап Жәнипаның денсаулығы күрт нашарлап, төсек тартып, жатып қалады. Өзісінің қаулетін кеш түсінген Жәнипа «бар пәле сауыттан келгенін» іші сезіп, Садақбай қариядан кешірім сұрап, сауытты кері қайтарып береді.

Жоңғарлар соғыстың айла-тәсілін жете білетін көрнекті қазақ батыр-ерлерін жоюға тырысып баққан. Беймезгіл уақытта, ту сыртынан жау мергенінің қадап атқан оғы ер Досайға дәл тиеді. Әмірінің соңына дейін жоңғар шапқыншылығына қарсы арпалысып өткен ер Досай осылай оқыс тиген оқтан мерт болады.

Кеңес герман соғысындағы жеңісті атап өтіп жүреміз. Ардагерлердің ерлігін бағалау үшін бұл дұрыс та шығар. Бірақ, шын мәнінде өз Отанымызды емес, бір ұрты қан, бір ұрты май басқа елдің жерін, оның ішінде халқымыздың құрпы кетуіне таятқан, өз жерімізде аштыққа ұшыратып, тілімізден, дінімізден, қасиетті ата-баба дәстүрінен айыруға айналған қызыл империяны қорғауды қой.

Жоңғарларға қарсы соғыс тарихы ұрпағымызды Отаншылдыққа, ерлікке, елін, жерін жанындай сүйе білуге, тәрбиелеуге мәні зор. Ел басшылығындағы азаматтар мен әскери қолбасшыларға өлшеусіз өнеге жөнінен 1941-1945 жылдардағы соғыспен салыстырғанда жүздеген есе жоғары.

Өз-Тәуке хан 1683-1693 жылдар аралығында Ресейге бес мәрте елшілік жібереді. Өз-Тәуке ханның елшісі Ноғас Малтабарұлы Қабай батыр Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстарды жүргізуге белсенділік танытады. «Тұш ғасыр иінде» атты мақаласында тарихшы Әбдікәрім Хасенов: «Ноғас Қабай аталық 1693 жылы Қазақ елшілігін басқарып Сібірдегі Тобыл дуанына орысқа барған», - деп жазады.

«Ай, Абылай, Абылай!» кітабында Қалқаманұлы Бұқар жырау: «Қолқанатым Досайым, сені де жырға қосайын», - деп қазақ батырларымен бірге атап, жырына қосады.

Ресей сыртқы істер министрлігінің сыртқы саясат архивінде: «Досай батыр - қазақ, приближенный султана Абылай. Выполнял дипломатическую миссию в Китай в 1759 году», - делінеді. Ер Досай осы дипломатиялық миссияны Абылай ханның тапсырысымен, Сұлтанмамметтің ұлы Орыс сұлтанның басқаруымен өткізеді. «II часть. Цинская империя и Казахские ханства. Вторая половина XVIII - первая часть XIX века» кітабындағы 1759 жылы 30 қыркүйекте «Из рапорта Сибирского губернатора Ф.И.Соймонова в коллегию иностранных дел о направлении султаном Абылаем посольства в Пекин» деген құжатта: «Қазақ пен Ресей елшілігі Цин империясына қатар барды. Цин империясының ханы Цянь-Луньға Ресей елшісі: «Ресейге қазақтар бұрыннан қараған ел», - деген уәж айтты. Қазақ елшілерінен старшина ер Досай: «Қазақ елі Ресейге ешқашан қарамаған. Тек бұрыннан татулық келісімде. Қазақтар Цин империясымен бірге Еренқабырғаны жоңғардан босатқан. Қазақтар Ресей империясына қарамағандықтан, мәртелі Цянь-Лунь хан Абылай сұлтанға хат жазып, Цин империясына қарауға үгіттегенсіз. 1757 жылдан бері Абылай сұлтан Цин империясымен достық қатынаста», - деген сөзіне Цянь-Лунь хан иланды. Ресеймен соғыспақ болған райынан қайтты. Бүйентіден Ресейге шабуылдамаққа дайын тұрған әскерін, басшысы Чэнгунчабу, Цянь-Лунь хан Улисуаттайға қайтарды», - делінеді. Осы бір құжаттан-ақ, Ноғас ер Досайдың қаһармандығы, ақылы артық екені айқын көрінеді.

Аруақты ер Досайды еске алу - өліге емес, тірілерге, ең алдымен бүгінгі жас ұрпаққа керек. Жастар қазақтың мына байтақ даласын ешкім бізге сыйға тартағанын, бұл даланы батыр аталарымыз «ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен» қорғап қалғанын білуі тиіс. Батыр аталарымыз: «Ігілігін ұрпақтарымыз көрсін», - деп мұра қылып қалдырған.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№1 референдум учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, О. Жұмашев көшесі №29, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Есмұрат Сықымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Махмұтов №3-тен 19-ға дейін, Уалиханов №3-тен 22-ге дейін, Сәтпаев №1-ден 136-ға дейін, Тауелсіздік №1-ден 186-ға дейін, Сықымов №1-ден 101-ге дейін, Әліпбеков №2-ден 8-ге дейін, Жидебаев №1-ден 25-ке дейін (тақ жағы), №2-ден 54-ге дейін (жұп жағы), Шоңай батыр №38-ден 207-ге дейін, Айтжанов №4-тен 20-ға дейін, Сақалбаев №1-ден 11-ге дейін, Еркенов №1-ден 45-ке дейін, Жұмашев №42-ден 128-ге дейін.

№2 референдум учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі №8, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қаныш Имантайұлы Сәтпаев атындағы орта мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Нұрбопа №1-ден 79-ға дейін, Қалилаханов №2-ден 85-ке дейін, Әуезов №1-ден 54-ке дейін, Қ. Мұқашев №2-ден 12-ге дейін, Еркінбеков №2-ден 37-ге дейін, Мұратбаев №2-ден 13-ке дейін, Ермектасов №1-ден 5-ке дейін, Кедесов №1-ден 10-ға дейін, Жамбыл №2-ден 37-ге дейін, Бұланов №3-тен 38-ге дейін, Ә. Молдағұлова №1-ден 13-ке дейін, Желтоқсан №9-дан 29-ға дейін (тақ жағы), Желтоқсан №1А, 4, Қабанбай батыр №2-ден 18-ге дейін (жұп жағы), №1-ден 35-ке дейін (тақ жағы), Момышұлы №1-ден 12а-ға дейін, Төрибаев №2-ден 43-ке дейін, Есеболатов №1-ден 102-ге дейін, Ангалова №6-дан 12-ге дейін, Уәлиұлы №1-ден 39-ға дейін, Құсмордлин №1-ден 6-ға дейін, Майлин №2-ден 33-ге дейін, Жидебаев №33-тен 41-ге дейін (тақ жағы), №56-ден 108-ге дейін (жұп жағы), Бөрібай батыр №33-тен 55-ке дейін, Масимов №36-дан 50-ге дейін, Е. Маманұлы №2-ден 60-ге дейін.

№3 референдум учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі №42, "Ақын Сара" жастар мәдени орталығы.

Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Желтоқсан №8-ден 48-ге дейін (жұп жағы), №33-тен 63-ке дейін (тақ жағы), Қабанбай батыр №20-ден 40-қа дейін (жұп жағы), №41-ден 65-ке дейін (тақ жағы), Пушкин №1-ден 17-ге дейін, Төлебаев №1-ден 56а-ға дейін, Амангелді №1-ден 59-ға дейін, Айтқожин №1-ден 9-ға дейін, Сулейменов №1-ден 4-ке дейін, Бұхарбаев №1-ден 77-ге дейін, Кенжебаев №1-ден 16-ке дейін, Ақын Сара №1-ден 33-ке дейін, Толғанбай ақын №1-ден 71-ге дейін, Р. Рахымбекова №1-ден 33-ке дейін, Абай №1-ден 14-ке дейін, Жандосов №2-ден 29-ға дейін, Әубәкіров №1-ден 21-ге дейін, Омарұлы №1-ден 21-ға дейін, Жансүгіров №1-ден 14-ке дейін, Жидебаев №43-тен 51-ге дейін (тақ жағы).

№4 референдум учаскесі.

Орталығы: Көкөзек ауылы, Алтынсарин көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қуат Төрибаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Көкөзек ауылы.

№5 референдум учаскесі.

Орталығы: Алтынарық ауылы, Абай көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қаракемер орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Алтынарық ауылы.

№6 референдум учаскесі.

Орталығы: Энергетик ауылы, О. Кошевой көшесі №4, Ақсу аудандық электрожүйелерінің ғимараты.

Шекарасы: Энергетик ауылы.

№7 референдум учаскесі.

Орталығы: Есеболатов ауылы, Жамбыл көшесі №40, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ГЭС бастауыш мектебін қосқанда.

Шекарасы: Есеболатов ауылы.

№8 референдум учаскесі.

Орталығы: Қызылқайың ауылы, Бұхар Жырау көшесі №7, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қызылқайың бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Қызылқайың ауылы.

№9 референдум учаскесі.

Орталығы: Еңбек ауылы, М.Ермектасов көшесі №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Еңбек ауылы.

№10 референдум учаскесі.

Орталығы: Тарас ауылы, Тәуке хан көшесі №9, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тарас негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Тарас ауылы.

№11 референдум учаскесі.

Орталығы: Кеңжыра ауылы, Әкімшілік көшесі №28, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кеңжыра орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Кеңжыра ауылы.

№12 референдум учаскесі.

Орталығы: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Қаракөз ауылы.

№13 референдум учаскесі.

Орталығы: Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Кеңғарын ауылы.

№14 референдум учаскесі.

Орталығы: Жаңалық ауылы, Шатырбай Бәтенов көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Жаңалық ауылы.

№15 референдум учаскесі.

Орталығы: Сағабүйен ауылы, Абылайхан көшесі №26, Сағабүйен ауылдық мәдениет үйі.

Шекарасы: Сағабүйен, Сағакүрес ауылдары.

№16 референдум учаскесі.

Орталығы: Қарашілік ауылы, Қастекбаев көшесі №7А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Қарашілік ауылы.

№17 референдум учаскесі.

Орталығы: Ойтоған ауылы, Жәнәбіл көшесі №12, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Илияс Жансүгіров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ойтоған ауылы.

№18 референдум учаскесі.

Орталығы: Үлгілі ауылы, Талдыөзек көшесі нөмерсіз, жекеменшік үй

Шекарасы: Үлгілі ауылы.

№19 референдум учаскесі.

Орталығы: Б.Сырттанов ауылы, О.Жандосов көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Б.Сырттанов ауылы.

ГРАНИЦЫ УЧАСТКОВ РЕФЕРЕНДУМА АКСУСКОГО РАЙОНА

Участок референдума №1.

Центр: село Жансугурова, улица О.Жумашева №29, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Есмұрата Сықымова с при школьным интернатом» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

В границах: село Жансугурова, улицы: Махмутова с №3 по 19, Валиханова с №3 по 22, Сатпаева с №1 по 136, Тауелсіздік с №1 по 186, Сықымова с №1 по 101, Әліпбекова с №2 по 8, Жидебаева с №1 по 25 (нечетная сторона), с №2 по 54 (четная сторона), Шоңай батыра с №38 по 207, Айтжанова с №4 по 20, Сақалбаева с №1 по 11, Еркенова с №1 по 45, Жумашева с №42 по 128.

Участок референдума №2.

Центр: село Жансугурова, улица Желтоқсан №8, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа-гимназия имени Каныша Имантаевича Сатбаева» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

В границах: село Жансугурова, улицы: Нурбопа с №1 по 79, Калилаханова с №2 по 85, Ауэзова с №1 по 54, К.Мукашева с №2 по 12, Еркінбекова с №2 по 37, Муратбаева с №2 по 13, Ермектасова с №1 по 5, Кедесова с №1 по 10, Жамбыла с №2 по 37, Буланова с №3 по 38, А. Молдағұловой с №1 по 13, Желтоқсан с №9 по 29 (нечетная сторона), Желтоқсан №1 "А", 4, Қабанбай батыра с №2 по 18 (четная сторона), с №1 по 35 (нечетная сторона), Момышұлы с №1 по 12 "а", Төрибаева с №2 по 43, Есеболатова с №1 по 102, Ангаловой с №6 по 12, Уәлиұлы с №1 по 39, Құсмордлина с №1 по 6, Майлина с №2 по 33, Жидебаева с №33 по 41 (нечетная сторона), с №56 по 108 (четная сторона), Бөрібай батыра с №33 по 55, Масимова с №36 по 50, Е. Маманұлы с №2 по 60.

Участок референдума № 3.

Центр: село Жансугурова, улица Кабанбай батыра № 42, молодежный культурный центр "Ақын Сара".

